



Акциялардың құны неліктен өзгереді?

Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильмде әлем бойынша акциялардың бағалануы мен сатылуы сипатталады. Акция құнына әсер етуі мүмкін факторлардың мысалдары келтіріледі. Факторлар материалдық болуы мүмкін, мысалы, жаңа өнім немесе материалдық емес болуы мүмкін, мысалы, компания беделі. 60 млрд. доллар биржалық құнын жоғалтып, банкротқа ұшыраған Lehman Brothers инвестициялық банкінің мәселелері келтіріледі. Фильм қаржы математикасына кіріспе бола алады.



Негізгі нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Акциялар мен олардың құнына әсер ететін факторларды түсіне білу.
- “Нәтижелер”, “оқиғалар” және “кездейсоқтық” ықтималдық терминдерін түсіне білу.
- Ақшамен есептеулер жүргізе білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Акциялар қоржынын орнатып, уақыт өтуімен олардың құнын тексеріңіз.
- Акциялар саны мен олардың құны негізінде компания құнын есептеңіз.


Қосымша нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- “Пайда”, “шығын” және “ақша ағыны” ұғымдарын ажырата білу.
- “Жеңілдіктік мөлшерлеме” ұғымын түсіну.
- “Таза келтірілген құн” ұғымын және оның акция құнына қатысын ұғыну.
- Теориялық модельдердегі ықтималдық деңгейін түсіну және қолдана білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Виртуалды бизнестегі пайда мен шығын моделін жасаңыз.
- Пайда мен шығын туралы есептемелерге қарап, кәсіпорынды бағалаңыз.



Акциялардың құнын болжау өте қиын.

Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

Карта санаушы

Бұл фильмде ықтималдықтың математика маманына казинода ақша табуға көмектескендігі туралы айтылады.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

Қор нарығына бағытталған соққы

Бұл фильм ғалымдардың күрделі математика көмегімен тәуекелділікті жоюға тырысқандығы туралы баяндайды.

Сіз АҚШ-тан да көп қарыз бола аласыз ба?

Бұл фильмде акция арқылы пайда таппайтын компаниялардың қарыз алуға мәжбүр болып, банкроттыққа душар болатыны айтылады. Алайда қарыз құны қаншалықты көп бола алады?

Банктердің ішінара жинақтық қор жүйесі

Бұл фильм банк әлемінің негізі болып табылатын принциптердің бірін ашып көрсетеді.

Титаникті сақтандыру

Бұл фильмде теңіздегі тәуекелдердің қалай бағаланып, сақтандырулардың қалай жабылатындығы туралы сипатталады.

Айнымалылар: Сандар арқасындағы таныстық

Бұл фильмде акция құнын болжаудан да маңыздырақ жоба, яғни болашақ жұбыңызбен кездесу ықтималдығын анықтау қарастырылады.

Алгоритмдер әлемді қалай өзгертеді?

Бұл фильмде теңдеулердің өмірдің әрқилы жағдайларында, мысалы, ауруханалардан бастап көліктерге дейін қолданылуы көрсетіледі.

Сабақ жоспары

Кіріспе

Оқушылармен адамдардың қор нарығында қалай ақша табатындығы жөнінде талқылаңыз: арзан бағаға сатып алып, қымбатқа сату арқылы. Содан соң неліктен акция құнының оны сатып алуға ешкімнің қызығушылығы болмағанда төмендеп, ал қызығушылық артқан сайын көбейетіндігін сұраңыз. Оның мәні сұраныс азайғанда акцияларды жаппай сатып алып, сұраныс артқанда сатуда деп қорытыңыз.

Фильм көрсету



Акциялардың құны неліктен өзгереді?

Негізгі жаттығулар

Негізгі деңгей

Бірнеше ай ішінде және әртүрлі мерзімдегі 20 компанияның (мүмкіндігінше кеңінен танымал компанияларды) акция құнын алыңыз. Содан соң оқушыларға шартты бюджетті көрсетіп, бастапқы күннен бастап акцияларды сатып алуға осы қаражатты пайдалануды тапсырыңыз. Әрі қарай келесі мерзімдегі акция құнын атап, оқушыларға өз акция қоржынын қайта бағалауды тапсырыңыз. Оларға акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік беріңіз. Уақыт мерзімі аяқталғанға дейін осы әрекетті қайталаңыз, кімнің көбірек ақша тапқанын бағалаңыз. Жеңімпаздардан дұрыс таңдауды қалай жасағандығын сұраңыз. Және акция құнының ауытқуы “кездейсоқ” жүретінін түсіндіріңіз.

Тереңдетілген деңгей

Оқушыларға компанияның пайдасы мен шығыны (P & L) туралы ақпарат беріп, әрбір жолдың жеке позициялары нені білдіретінін түсіндіріңіз. Ақша ағымына анықтама беріп, компанияның пайдасы мен шығыны бойынша ақша ағынын есептеңіз. Болашақта болатын сатылым мен шығындарды болжай отырып, келетін ақша ағымының жоспарын жасаңыз. Бүгінгі 100 доллар құнының бір жылдан кейінгі 100 доллар құнынан артық екенін және болашақтағы ақша ағыны жеңілдіктік мөлшерлемеге сай азаятындығын ескертіңіз. Болашақ ақша ағынының азаюын таза келтірілген құнға жеткізу үшін қосыңыз. Мұны акция құнымен салыстырыңыз.

Қосымша жаттығулар

Негізгі деңгей

Компаниядағы акция құнын анықтап, шығарылған акция санын табыңыз. Акция құнын акция санына көбейтіп, компанияның нарықтық құнын есептеп шығарыңыз.

Тереңдетілген деңгей

Қор нарығында танымал екі не үш компанияның пайдасы мен шығынын алып, ағымдағы әрекеттерге байланысты болашақтағы ақша ағынының жоспарын құрыңыз. Болашақ ақша ағынының таза келтірілген құнын есептей отырып, компанияларға баға беріңіз. Компания акциясының нарықтық құнын шығару үшін, компания шығынын алып тастаңыз. Шығарылған акциялардың жалпы санын бөліп, компания акциясының ағымдағы құнымен салыстырыңыз.

Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Жеңілдіктік мөлшерлеменің қалай есептелетінін және оған тәуекелділіктің қалай әсер ететінін қарастырыңыз. Қаржы активтерін бағалау моделі қандай және оны есептеуде қандай статистика жасалады?

Lehman Brothers-тің (LEH) тарихтағы құны



2008 жылы Lehman компаниясы \$7,8 миллиард шығынға батқандығы туралы мәлімдеді. Бұл акциялардың жаппай сатылуы мен акция құнының 95%-ға түсіп кетуіне себепші болды.